

«Келісілді»

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ басшысы



А.Сураганова

«29» қыркүйек 2025 ж.

«Бекітемін»

«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК директорының м.а.



А.Кощанова

«29» қыркүйек 2025 ж.

«EDCOLLAB: БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ІСТЕУ ӨНЕРІ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Байқаудың негізгі мақсаты – оқытушылар мен студенттердің бірлескен білім беру жобаларын жүзеге асыру арқылы педагогикалық өзара әрекеттестік пен бірлескен шығармашылықты дамытуға жағдай жасау. Бұл жобалар цифрлық технологияларды қолдануға, кәсіби және метапәндік құзыреттерді дамытуға, сондай-ақ заманауи білім берудің үздік тәжірибелерін таратуға бағытталған.

Байқаудың міндеттері:

- 1) Бірлескен шығармашылық, білім беруді цифрлық түрлендіру және білім алушылардың белсенді қатысуы қағидаттарына негізделген тиімді оқыту әдістемелері мен технологияларын тарату.
- 2) Білім беру қауымдастығы өкілдері арасында тәжірибе, идеялар және кәсіби табыстармен алмасуға арналған кеңістік құру, ол үшін интерактивті форматтарды (воркшоптар, мастер-кластар, семинарлар, цифрлық ресурстар және т.б.) пайдалану.
- 3) Нақты оқыту тәжірибесінде қолдануға болатын цифрлық технологиялар (AR, ЖИ, 3D модельдеу) негізінде білім беру шешімдерін бірлесіп жасай алатын дарынды педагогтар мен студенттер командаларын анықтау және қолдау.

«Edcollab: бірлесіп жұмыс істеу өнері» Республикалық педагогикалық идеялар байқауы «Өрлеу» БАҰО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПҚБАИ және «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ бекіткен байқаулар тізіміне енгізілген. Байқау оқытушылардың үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы «Ұстаз» жүйесінде орналастырылып, педагог қызметкерлерін аттестаттау кезінде ескерілетін болады.

II. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР МЕН КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

Республикалық байқауды ұйымдастырушылар – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ және «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК.

Байқауға қала, облыс және республика деңгейіндегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары, әлеуметтік педагогтер, психологтер, өндірістік оқыту шеберлері мен әдіскерлері қатыса алады.

III. БАЙҚАУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

Байқау екі бағыт бойынша өткізіледі:

1. «Цифрлық коллаборация» - бұл бағыт аясында педагог пен студент интерактивті, қызықты әрі білім беру мақсатындағы ресурстарды, сервистерді немесе шешімдерді жасау үшін цифрлық технологияларды қолдануға негізделген бірлескен жобаларды ұсынады. Ерекше назар тиімді коммуникацияға, бірлескен жобалауға, білім алмасуға және екі тараптың да цифрлық құзыреттерін дамытуға аударылады.

Тәжірибені ұсыну форматы: бейнесабак, білім беру бейнеподкасты, цифрлық сторителлинг, цифрлық білім беру ресурсы, виртуалды көрме.

- **Бейнесабак** – педагог пен студенттің белгілі бір тақырыпты визуалды және аудио оқыту құралдарын пайдалана отырып ашуға бағытталған бірлескен цифрлық білім беру өнімі. Мұндай формат екі тараптың да ынтымақтастық, цифрлық сауаттылық, шығармашылық және коммуникациялық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Білім беру бейнеподкасты – Сценарий бойынша жазылған және бейне тізбегінің сүйемелдеуімен мағыналық блоктардан тұратын белгілі бір тақырып бойынша диалог (сұхбат) форматында түпнұсқа атауы бар оқытушы мен студент бейнеролик.

- **Цифрлық storytelling** – педагогикалық әңгіме (сюжет, кейіпкерлер, шешімдер) арқылы тәрбиелік ойлар мен мағыналар берілетін оқытушы мен студенттің бірлескен шығармашылық ынтымақтастығының нәтижесі. Цифрлық ақпарат құралдары пайдаланылады: бейне, анимация, интерактивті элементтер, графика және музыка. Жұмыс бірлескен сценарий жазуды, визуалды және техникалық енгізуді қажет етеді.

- **Цифрлық білім беру ресурсы** – педагог пен студент бірлесіп әзірлеген, білім беру үдерісінде қолдануға арналған авторлық цифрлық әзірleme. Бұл электрондық оқулық, веб-сайт, электрондық тест құрастырушысы немесе интерактивті оқыту модулі болуы мүмкін. Бірлескен жұмысқа ресурс жобалау, оны әзірлеу, тестілеу және қолданудың әдістемелік аспектілерін сипаттау кіреді.

- **Виртуалды көрме** – педагогикалық идеяны немесе тәжірибені бірлесіп әзірлеп, инфографика, 3D-модельдеу, нейрожелі, AR (толықтырылған шындық), ЖИ (жасанды интеллект) сияқты құралдарды пайдалана отырып постер немесе презентация түрінде безендірілген визуалды жоба. Материал онлайн кеңістікте орналастырылып, бастапқы ойдан бастап цифрлық іске асыру мен контентті рәсімдеуге дейін екі қатысушының да үлесін көрсетеді.

2. «Шығармаластық педагогикасы» — бұл бағыт тиімді білім беру шешімдерін, инновациялық әдістемелерді, оқыту сапасы мен кәсіби даярлықты арттыруға ықпал ететін EdTech цифрлық құралдары мен платформаларын ұсынуға бағытталған. Қатысушылар шығармашылық тәсілді, білім алушылардың белсенді қатысуын және заманауи білім беру технологияларын біріктіретін үздік тәжірибелерді көрсетеді. Негізгі назар педагог пен студенттің бірлесіп жүзеге асыратын, бірлескен шығармашылыққа, білім алмасуға және кәсіби мен метапәндік құзыреттерді дамытуға негізделген тәжірибелерге аударылады.

Тәжірибе ұсыну форматы: воркшоп, шеберлік сыныбы, семинар, тренинг.

- **Воркшоп (workshop)** - – педагог пен студенттің белсенді өзара әрекеттестігіне негізделген тәжірибеге бағытталған сабақ форматы. Оның

барысында нақты білім беру міндеттерін бірлесіп шешу жолдары әзірленеді немесе талқылау, тәжірибе жасау және бірлескен іс-әрекет арқылы мақсатты дағдылар қалыптастырылады.

- **Шеберлік сыныбы** – белгілі бір техникалар, әдістер мен тәсілдердің қолданылуын көрсету мақсатында өз саласының сарапшысы өткізетін бірлескен оқу іс-шарасы. Ол басқа педагогтер үшін ұсынылған тәжірибенің практикалық құндылығын түсіндіруге бағытталған. Студент бірлескен жүргізуші, тақырыптың белгілі бір бөлігі бойынша сарапшы немесе тәсілдерді көрсетуші ролінде шығып, ұсынылған тәжірибенің практикалық қолдану мүмкіндіктерін дәлелдей алады.

- **Семинар** - білім беру саласындағы өзекті тақырыптар мен мәселелерді талқылауға арналған пікірталас форматындағы іс-шараны бірлесіп ұйымдастыру. Педагог пен студент талқылаудың бірлескен ұйымдастырушылары, модераторлары немесе презентацияларға қатысушылар ретінде шығып, аудиторияны диалог пен тәжірибе алмасуға тартады.

- **Тренинг** - педагог пен студент бірлесіп дайындаған, нақты дағдыларды дамытуға бағытталған теориялық бөлімдер мен практикалық тапсырмаларды қамтитын сабақ. Олар тренингтің сценарийін әзірлеп, рөлдік ойындар, симуляциялар мен кейс тапсырмаларын бірге өткізіп, жаттығу барысын бірлесіп жүргізуші команда ретінде атқарады.

IV. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

Байқау онлайн түрде және тегін өтеді. Өтініштер мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде электронды түрде қабылданады. Байқауға әр колледжден үш әдістемелік материалдан аспау тиіс. Қатысушылардың материалдары *оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысы* болуы керек.

Байқауды өткізу кезеңдері:

01.10-27.10.2025 ж. – байқауға өтінімдер мен материалдарды қабылдау.

28.10-10.11.2025 ж. – байқау материалдарын сарапшылардың қарастыруы.

11.11-24.11.2025 ж. - байқаудың қорытындысын шығару және жариялау.

25.11-30.11.2025 ж. – марапаттау құжаттарын жіберу (сертификаттар, дипломдар).

Байқауға қатысу үшін Байқауға қатысушы өтінімін (1-қосымша) байқау материалына сілтемемен metodkb.vkmzh@mail.ru электронды мекенжайына (Мансырова Самира Асифовна, тел. 87073915542) **2025 жылдың 27 қазанынан** кешіктірмей жіберу қажет.

Анықтама бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары Абдрахманова Айнур Томарбаевна, тел. 87778969693, колледж әдіскері Мухамадиева Алия Данияровна, тел. 87078572066.

V. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Байқау жұмысы 5 минуттық бейнеролик форматында ұсынылған педагогтің инновациялық тәжірибесінің үзіндісі болып табылады.

Бейнероликте педагог пен студенттің бірлескен идеясын, оқытудың цифрлық технологиялары мен жасанды интеллектіні қолдану арқылы оқытудың инновациялық әдістерін көрсетеді.

Бейнероликті Байқау өтінімінде сілтемесін қоса ұсыну арқылы Google Дискіге жүктеу қажет. Сұратылған файлдарға қолжетімділік ашық болу қажет.

VI. БАЙҚАУ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері		Ұпай саны
1	Кәсіби тәжірибені көрсету бағыты мен форматына сәйкестігі: ұсынылған материалдың байқаудың таңдалған бағыты мен көрсету форматына сәйкестік дәрежесін бағалау, талаптарды қатаң сақтау, таңдалған формат арқылы педагогикалық идеяның мәнін ашу.	20 ұпай
2	Идеяның өзектілігі мен практикалық маңыздылығы: жаңалығы, өзіндік ерекшелігі, білім беру трендтеріне сәйкестігі, идеяны оқу үрдісінде жүзеге асыру мүмкіндігі.	20 ұпай
3	Білім беру өнімінің сапасы: дидактикалық мәні, құрылымы, мазмұндау қисындылығы, функционалдығы, интерактивтілігі.	20 ұпай
4	Инновациялық көзқарас және цифрлық құзыреттілік: цифрлық технологияларды қолдану бірегейлігі, жасанды интеллектіні қолдану, басқа цифрлық платформалармен интеграция.	20 ұпай
5	Регламент және ресімдеу эстетикасы: бейнеролик ұзақтығы 5 минуттан аспауы қажет, материалдарды ұсыну сапасы, сауаттылық, көрнекі тартымдылығы.	20 ұпай
Ұпайлардың максималды саны		100 ұпай

VII. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ТӘРТІБІ

Байқау жұмыстарын педагогика және цифрлық технология саласындағы жетекші мамандар мен сарапшылардан құралған қазылар алқасы бағалайды.

Қазылар алқасына республикадағы техникалық және кәсіптік оқу орындарының өкілдері кіреді (2-қосымша). Әрбір тәжірибе презентациясы номинациясының жеңімпаздары бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталады. Үздік жұмыстар келесі номинациялар бойынша сертификаттармен марапатталады:

- «Танымдық бейнесабак»
- «Қызықты білім беретін бейнеподкаст»
- «Креативті цифрлық storytelling»
- «Инновациялық цифрлық білім беру ресурсы»
- «Тұжырымдамалық виртуалды көрме»
- «Практикаға бағдарланған воркшоп»
- «Шабыттандыратын шеберлік сыныбы»
- «Интерактивті оқыту семинары»
- «Тиімді психологиялық тренинг»

Ең төмен ұпай жинаған байқауға қатысушылардың жұмыстары хаттамаға енгізіледі.

Конкурс нәтижелері 2025 жылдың 27 қарашасына дейін жарияланады және колледждің solmagzhan.kz сайтында жарияланады (Қызмет бағыттары/Оқу-әдістемелік жұмыс/Байқаулар). Марапаттау материалдарын (дипломдар, сертификаттар және байқау хаттамасы) <https://clck.ru/3PN7Cs> сайтынан жүктеп алуға болады.

Өтінім нысаны

Педагогтің аты-жөні	
Студенттің аты-жөні	
Лауазымы	
Ұйым, қала атауы	
Санат	
Ұялы телефон	
E-mail (міндетті түрде)	
Бағыты	
Білім беру өнімінің түрі мен атауы	
Кіру рұқсаты бар сілтеме	

Әділ қазылар алқасының тізімі

№	Аты-жөні	Лауазымы	Телефон	Электронды пошта
1	Зейнуллин Бауржан Жанатович	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы, Петропавл қ.	87028660378	tipo_sko@mail.ru
2	Шарипова Сауле Дулатовна	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ, «Әдістемелік орталық» КММ әдіскері, Петропавл қ.	87719968589	sau_280387@mail.ru
3	Капанова Ирина Хамзеевна	Директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі бірінші біліктілік санатты орынбасары, педагог-зерттеуші, «Bolashaq» жоғары колледжі» ЖМ, Қарағанды қ.	87019527366	Kapanova_irina@mail.ru
4	Едигенова Зухра Тельмановна	Әдіскер, педагог-зерттеуші, «Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжі» мекемесі, Астана қ.	87027453231	zuxra_edigenova@mail.ru
5	Калимова Жаннур Бейбитовна	Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, «педагог-модератор», «Жаңаөзен политехникалық колледжі» ЖШС, Жаңаөзен қ.	87759115496	kalimova_8989@mail.ru
6	Сагидуллина Асима Муратовна	Директордың оқу ісі жөніндегі бірінші біліктілік санатты орынбасары, математика оқытушысы, педагог-шебер, «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесі, Орал қ.	87027919001	Asima_s84@mail.ru
7	Жанбекова Алтынай Есенкельдиновна	Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі бірінші біліктілік санатты орынбасары, педагог-шебер, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, Петропавл қ.	87019065026	zhanbekova@inbox.ru
8	Завертяева Ирина Васильевна	Арнайы пәндер оқытушысы (шетел тілі), педагог-зерттеуші, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, Петропавл қ.	87776597094	irina_espanola@mail.ru
9	Калмыкова Татьяна Васильевна	Арнайы пәндер оқытушысы (бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі), педагог-сарапшы, «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, Петропавл қ.	87020213618	kalmykova75@bk.ru

